

**«6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нуров Мархаббат  
Мешитбековичтің «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс зайырлылық пен діндарлық арақатынасын жанжақты зерделеуге, оның Қазақстанның саяси жағдайындағы орнын анықтауға, тұтастай алғанда елдің тұрақтылық саясатына тигізетін ықпалының тетіктерін ашуға арналған. Қазақстан секілді поликонфессиялық қоғамда діни қажеттіліктерді іске асыру үшін жағдай жасаудың кепілі ретінде елдегі саяси және әлеуметтік катынастарды реттеудегі зайырлылықтың ғылыми дискурсын анықтау аса маңызды болып табылады. Диссертация тақырыбы бүгінгі күні елімізде кабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Мәселен, диссертациялық жұмыс «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары секілді мемлекеттік деңгейде жоғары мәні бар бағдарламаларды басшылыққа алушымен сипатталады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының қолдауымен автор жүргізген халықтың діндарлық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған екі әлеуметтік зерттеу материалдарына негізделе отырып жазыған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық-практикалық маңыздылығы мейлінше толық камтылған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс төмендегідей жаңашылдығымен ғылымға елеулі үлес қосады деп санаймын:

			<ul style="list-style-type: none"> <li>– зайырлылық пен діндарлықтың мәні мен тарихи дамуы, олардың қалыптасуының саяси алғышарттары ашылған;</li> <li>– интегративті парадигмалық тәсілдердің қолданылуын негіздей отыра, зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің әдіснамалық негіздері зерделенген;</li> <li>– казіргі саяси процестерге әсер ететін факторларды анықтауга бағытталған интегративті әдістерді қолдану арқылы зайырлылық пен діндарлықтың даму процестеріне ықпалын айқындаудың зерттеу тәсілінің әдістемесі әзірленген;</li> <li>– Кеңестік кезеңде, сондай-ақ Алашорда бағдарламаларында зайырлылық пен діндарлық арақатынасы үлгілерінің ерекшеліктері анықталған;</li> <li>– Қазақстан қоғамындағы діндарлықтың көріну дәрежесіне дәлелді талдаулар жасалып, қоғамдағы зайырлылық процесінің астарлары талданған;</li> <li>– поликонфесиялық қоғамда зайырлы және діни этика, киелі және зайырлы құндылықтар диалогына негізделген зайырлы саясатты іске асыру нәтижелері және оның елдің әлеуметтік, мәдени және зияткерлік дамуына әсері айқындалған.</li> </ul>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаган</li> </ol>	Жұмыс аяқталған, өзіндік ғылыми қорытындысы бар, дәйекті тұжырымдалған, дербес орындалған жұмыс болып табылады. Сондай-ақ, ізденуші Қазақстан бойынша екі әлеуметтанулық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алынған мәлеметтерді SPSS бағдарламасында өндеп, нәтижелерін ғылыми жұмысында қолдана білуі автордың дербес ғылыми зерттеулер жасай алатындығын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген</u>;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы жан-жақты айқындалып, негізделген. Бұғынгі таңда Қазақстан ғылымында қоғамдағы діни дүниетанымның динамикасын, дін және мемлекеттік қатынастарды, еліміздегі зайырлылық пен діндарлық арақатынасын жан-жақты зерттеуге бағытталған еңбектер жоқтың касы. Сондықтан бұл диссертациялық жұмыс зайырлылық пен діндарлық мәселелерін зерттеу аясын кеңейті түсітін іргелі еңбек болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқынрайтып, өрбір тарау ғылыми ақпараттылығымен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Мәселен, диссертацияның бірінші тарауында автор зайырлылық пен діндарлықты зерттеуге бағытталған шетелдік және отандық ғылымдағы негізгі теориялар мен әдіснамаларға талдау жасайды. Аталған екі ұғымды анықтауда автор ғылымдағы қалыптасқан тұжырымдамаларды талқылай және салыстыра келе өзіндік анықтама беруге үмтүлған. Ал, екінші тарауда Қазақстандағы діндарлық	

			<p>көріністері мен зайырлы қоғам күрудагы мемлекеттік саясат пен оның даму эволюциясына токталады. Сандық және сапалық зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, зайырлылық пен діндарлық арақатынасының ерекшеліктерін ашып көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Ізденуші диссертациядағы бірінші міндеті бойынша зайырлылық пен діндарлықтың түсінігін, мәні мен тарихи дамуын және оның қалыптасуының саяси алғышарттарын ашып көрсеткен.</p> <p>Екінші міндет бойынша зайырлылық пен діндарлықты зерттеудің әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған.</p> <p>Үшінші міндеттіне сәйкес зайырлылық пен діндарлықтың қазіргі саяси процестерге әсері айқындалған.</p> <p>Төртінші міндеттінде Кеңес кезеңдегі, сондай-ақ Алашорда бағдарламаларындағы зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы ұлгілерінің ерекшеліктері ашып көрсетілген.</p> <p>Бесінші міндеті бойынша, қазіргі қазақстандық қоғамда діндарлықтың көрінісі және еліміздегі зайырлылық процесінің ерекшеліктері талданған.</p> <p>Алтыншы міндеті бойынша, зайырлы саясатты іске асыру барысы және оның қоғамның дамуына әсері зерделенген. Осылайша, ізденуші диссертациялық зерттеу барысында алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындаған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан. Әрбір тараулар мен бөлімдер арасында бірізділік пен жүйелілік сақталған. Диссертацияның ғылыми жазылу тілі жатық, ішкі бірлікке ие жұмыс.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер мен сыни талдаулар бар. Ізденуші шетелдік және отандық ғалымдардың енбектері мен тұжырымдамаларына сынни талдау жасай келе өзіндік қорытындылар жасаған. Сыни талдаудың нәтижесінде діндарлық пен зайырлылық процесінің ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен бірге отандық саяси ғылымдағы алғаш рет зайырлылық пен діндарлық арақатынасының мәселелеріне саясаттанулық талдау жасады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Ізденуші диссертациялық зерттеу аясында келесі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген:</p>

		<p>2) жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- халықтың діндарлығын зерттеуде секуляризация теориялары мен парадигмалары, дін әлеуметтануы, құрылымдық және функционалдық тәсіл тиімді қолданылған;</li> <li>- діндарлық ғылыми категория ретінде жеке және әлеуметтік сананың, өмір салтының, адамның бүкіл болмысының жай-құйін көрсететіндігі және «жоғары құштерге» сенім арқылы трансцендентті екендігі дәлелденген;</li> <li>- қазақ қоғамында құрылған зайырлылық батыстық білім беру жүйесінің және азаматтардың белгілі дәрежеде жоғары білімді бөлігінің басым болуымен байланысты екендігі көрсеттіледі;</li> <li>- алғаш рет Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасы жүйелі түрде зерттелген;</li> <li>- еліміздегі жүріпжатқан модернизациялық процестер осы зайырлылық процесімен және діндарлықтың көріністерімен тікелей байланысты екендігі ашылды.</li> </ul>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші ғылыми қорытындыларын жүйелі зерттеудің және әлеуметтік сауалнаманың нәтижесіне жасайды. Сонымен қатар, ізденуші зерттеу нәтижесі бойынша бірнеше өзіндік ұсыныстар жасаған.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Ізденуші зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін қолданған. Сонымен бірге ізденуші зерттеу қорытындыларын дәйекті ету мақсатында сандық және сапалық әдістерді ұтымды пайдалана білген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда ұсынған барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда көлемді шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамаларына және әлеуметтік зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар толығымен дәлелденді:
		7.1 Қағидат дәлелденді ме?	7.1. Зайырлылықты қоғамдағы дін мен діндарлықтың құлдырауына алып келетін бір бағытты процесс ретінде емес, діннің, қоғамдағы діні

		<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок</p>	<p>институттардың және халықтың діни дүниетанымындағы өзгерістердің сзықты емес процесі ретінде дәлелденген.</p> <p>7.2. Діндарлық ғылыми категория ретінде жеке және әлеуметтік сананың, өмір салтының, адамның бүкіл болмысының жай-күйін көрсетеетіндігі жаңаша көрсетілген.</p> <p>7.3. Қазақстан қоғамының діндарлығының дамуының қазіргі кезеңінің ерекшеліктеріне: діни белсенділіктің сандық көрсеткіштерінің өсуі; дәстүрлі діни ұйымдардың саяси ұстанымдарының нығаюы; басқа діни ұйымдардың сандық есуінің баулауы және Қазақстанда дәстүрлі ислам дінінің ішкі нығаюы; діндарлықтың сыртқы, салттық жағы эмпирикалық жолмен тексеріп, қорытынды жасалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану деңгейі кең. Қазақстан қоғамындағы діндарлықтың деңгейі әлеуметтік зерттеу арқылы анықталған. Аталмыш зерттеу қорытындыларын практикалық тұрғыдан және дін саласына қатысты мәселелерде қолдануға болады.</p> <p>5. Негізгі ғылыми тұжырымдары мен қағидаттары халықаралық және отандық ғылыми басылымдар мен конференциялар материалдарында орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жарияланған. Оның ішінде: Scopus деректер базасына енген «European Journal of Science and Theology», «Социологические исследования» атты халықаралық ғылыми басылымдарда және ҚР ФЖБМ БФСБК бекіткен ғылыми журналдарда жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы әдістеменің тандалуы және қолданылуы негізделген. Азаматтардың діндарлық дәрежесін анықтау мақсатында компенсаторлық теория аясында әлеуметтанулық талдау әдіснамасы (сауалнама) пайдалылды. Елдең діни ұйымдардың қызметтің реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді және мемлекеттік саясат саласындағы зайырлылық қағидаттарын бекітетін құжаттарға контент-анализ әдісі арқылы талдау жүргізілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымда қолданылатын қазіргі заманғы зерттеу әдістері мен құралдарын пайдалану арқылы алынды. Атап айтқанда сауалнама онлайн форматта <a href="http://www.survio.com">www.survio.com</a> платформасын қолдану арқылы жүргізілген. Ал 1275 респонденттен алынған сауалнама мәліметтері IBM SPSS Statistics 26 арнайы бағдарлама көмегімен өндөлген.</p>

		2) жок	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа</u> ; 2) жок	Диссертацияда көлтірілген барлық қорытындылар эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Эмпирикада база ретінде Қазакстан гуманитарлық-сағы конъюнктура орталығының колдауымен жүргізген халықтың діндарлық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған екі әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері қолданылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>	Ізденуші диссертациялық жұмыста қолданылған маңызды мәліметтердің шынайылығын сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы көрсеткен.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Ізденуші диссертациялық жұмысын жазу барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің, танымал сарапшылардың еңбектерін қарастырган. Жалпы 251 әдебиетке сілтеме жасалынған. Соның ішінде жарыққа шықкан өзінің еңбектеріне де сілтеме келтірген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иа</u> ; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңыздылығы оның тұжырымдарының мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелерін өзірлеуге және шешүгे негіз болуымен айқындалады. Диссертациялық жұмыс материалдарын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, саясаттану, әлеуметтану, тарих, этносаралық қарым-қатынастар саласы бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курстарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабактарын жүргізуде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иа</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыс нәтижелерін мемлекеттік органдар мемлекеттік діни саясатты жетілдіруге бағытталған практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?	Диссертациялық жұмыстарғы практикалық ұсыныстар толығымен жана және ғылыми түрғыдан негізделген.

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары. деп бағалауға болады. Жұмыстын мәтіні логикаға сай құрастырылып, ғылыми стилде жазылған. Диссертациялық жұмыс толық аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады.

**Қорытынды:** жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Нуров Мархабат Мешитбекович «6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

саяси ғылымдарының кандидаты,  
ҚР Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясының  
Қолданбалы зерттеулер институтының  
бас ғылыми қызметкері



Кошербаев Д.Б.